



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2018ж. МАМЫР АЙЫ

Өткен айлардағы негізгі үрдістер, (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (6,2%)
- Мұнай өндірісі жоғары деңгейде сақталады
- Халықтың нақты ақшалай табыстарының өсуі баяулады
- Инвестициялық белсенділіктің бәсеңдеуі жалғасуда
- Құрылыс жұмыстарының көлемі өсудің баяулауын көрсетеді

I. ИНФЛЯЦИЯ

2018 жылдың мамырында айлық инфляция 0,2% деңгейінде болды. Мамыр айында тұтыну бағалардың өсуі негізінен азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасының өсуіне себеп болды.

Азық-түлік тауарларының бағасы 0,1%-ға өсті. Азық-түлік тауарларының құрылымында көкөніс, жарма, жұмыртқа, құс еті бағалары төмендеді, бұл әсіресе маусымдық факторға ие болды. Бағалардың өсуі қант, қой еті, жылқы еті, алкогольдік сусындар, сүт өнімдері үшін байқалды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,4%-ға өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында дизель отыны, киім және аяқ киім, сондай-ақ дәрілік заттар мен тұрмыстық тауарлардың құнының өсуі байқалады. Ішкі өндірістің өсуі мен тауарлық-материалдық қорлардың өсуі аясында бензин бағасы төмендеді.

Ақылы қызметтерге бағаның өсуі 0,2%-ды құрады. Ақылы қызметтер құрылымында кейбір тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге (суық су, канализация), сонымен қатар әуе көлігі қызметтеріне, демалыс және мәдениет бағасының артуы атап өтіледі.


Жылдық инфляция 2018 жылдың мамырында 6,2% құрады. Инфляциялық үдерістердің қалыптасуы энергия ресурстарының және азық-түліктің (сүт өнімдері, ет және қант) әлемдік бағасының өсуімен, сондай-ақ ішкі сұраныстың біртіндеп кеңеюімен қатар жүрді.

Халықтың инфляциялық күтулері тұтастай алғанда төменгі деңгейде қалып отыр. 2018 жылдың мамыр айында халықтың инфляциялық күтулерінің біршама төмендеуі 6,0%-ды құрады.

Көптеген кәсіпорындар (72,8%) 2018 жылдың екінші тоқсанында тұтыну бағаларының ағымдағы деңгейде өсетінін күтеді, ал 11,5% респонденттер ағымдағы бағасымен салыстырғанда бағаның баяу өсуін күтуде. Бағалардың жылдам өсу қарқынын күтетін кәсіпорындардың үлесі азайып келеді.

Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес жылдық инфляция біртіндеп бәсеңдейтін болады. 2018 жылы инфляция 5-7% мақсатты дәлізде қалады.

1-график. Тұтынушылық бағалары индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК есеп деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2018 жылғы бірінші тоқсаны бойынша нақты көрсеткіші 4,1%-ға ұлғайып 11,6 трлн. теңгені құрады.


2018 жылдың бірінші тоқсанында ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті өңдеуші өнеркәсіп (6,2%-ға), тау-кен өнеркәсіп көлемінің (5,1%-ға), көтерме және бөлшек сауда (6,2%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,6%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,0%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша 2017 жылдың қорытындысы бойынша **3,9%-ға** өсті.

Көрсеткіштің ұлғаюына шикізат тауарларының әлемдік конъюнктурасының жақсаруы аясында таза экспорттың өсуі оң үлес қосты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

3-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

4-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2018 жылдың мамырында қысқа мерзімді экономикалық индикатор * біршама өсіп, 105,1%-ға жетті.

Көрсеткішті есептеуге кіретін барлық негізгі салалар оң үрдісін көрсетті. Атап айтқанда, өнеркәсіп секторындағы өндірістің өсу қарқынының артуын атап өту керек.

Көрсеткіштің динамикасына Қашаған және Теңізшевройл мұнай өндірудің жоғары қарқыны, сондай-ақ жүк тасымалдарының және көтерме сауданың өсуі, байланыс саласының жаңаруы, негізгі құралдарға бағыттайтын инвестициялардың айтарлықтай өсуі және нақты ақшалай кірістердің өсуі аясындағы тұтынушылық сұраныстың біртіндеп қалпына келуі оң әсерін тигізеді.

5-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



6-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Аймақтық контексте **Атырау облысы** үшін КЭИ жоғары деңгейде қалып отыр. Жоғары өсім шикі мұнай мен табиғи газды (шикі мұнайды өндіру жоспарын асып түсуде) өндірудің артуымен байланысты болды. Сондай-ақ, көтерме сауданың өсуі, ауыл шаруашылық пен көліктің оң динамикасы индикатордың өсуіне әсер етті. Облыстағы құрылыс секторы магистральды құбырлар мен өнеркәсіптік нысандарды салудың жұмыстары қысқаруы аясында бұрынғысынан теріс аймақта тұр.

Батыс Қазақстан облысында КЭИ теріс аймақта болуда. Техникалық мәселерге байланысты Қарашығанақ кенішіндегі газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты кен өндіру секторында төмендеу байқалды. Сонымен қатар, облыстың басқа секторларында белсенділігі төмен болып қалуда.

Астана қаласына бойынша КЭИ-ң мәні құрылыс жұмыстарының қысқаруынан, сондай-ақ сауда және ауыл шаруашылығының төмендеуінен теріс аймақта қалуда.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2018 жылдың қаңтар-мамырында **өнеркәсіп өндірісі** 5,4%-ға өсті.

Тау-кен өнеркәсібі жыл басынан 5,6%-ға өсті. Сектордың өсуі Қашағандағы және ТШО-дағы мұнай өндірумен қамтамасыз етілді. Өнеркәсіптің оң серпіні табиғи газды, темір рудасын және түсті металдар кендерін өндірудің артуымен тығыз байланысты.

Өңдеу өнеркәсібі жоғары өсу қарқынын көрсетіп келеді, өндіріс көлемі 5,5%-ға артты. Өндірістің өсуі металлургия өнеркәсібі, машина жасау, азық-түлік, кокс және мұнай өнімдері өндірісінің өсуіне байланысты болды.

Өнеркәсіптік өндірістің өсуіне, сондай-ақ әлемдік мұнай бағасының қалыптасқан оң динамикасына байланысты **барлық көлік түрлерінің айналымы** жыл басынан бері 9,7%-ға өсті. Көліктің өсуіне негізгі үлес қосқан теміржол (үлесі - 49%), автомобиль (25%) және құбыр көлік (24%) қызметтері болды.


2018 жылдың қаңтар-мамырында **құрылыс саласының өсімі** 0,3%-і құрады. Саланың өсу қарқынының баяулауы Атырау облысындағы магистральды құбырлар мен өнеркәсіп объектілерді салу жұмыстарының қысқаруынан, сондай-ақ Павлодар мұнай-химия зауытын жаңғыртудың жұмыстарының аяқталуынан және де Астанадағы тұрғын үй құрылысының төмендеуінен туындады. Құрылыстың қарқынды өсуі Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында байқалады.

Ауыл шаруашылығы жылдың басынан өндіріс көлемінің өсуін көрсетіп келеді, өсім 3,9%-і құрады. Өнеркәсіптің негізгі драйвері мал шаруашылығы болып келеді, онда тірі салмақта союдың көлемі және алынған жұмыртқалардың саны көбейді. Маусымдық фактордың әсерінен өсімдік шаруашылығының өндірісі бірте-бірте өсуде.

Тауарлар мен қызметтерді сату көлемі 2018 жылдың қаңтар-мамырында 5,8% құрады (қаңтар-сәуірінде өсім 6,2% құрады). Саладағы өсу қарқынының бәсеңдеуіне көтерме және бөлшек сауданың төмендеуі әсер етті. Астаны қаласын қоспағанда аймақтық деңгейде барлық өңірлерде сауданың өсуі тіркелді. Атырау облысында көтерме сауда көлемі екі есе өсті.

Байланыстың өсу қарқыны баяулап, 6,4%-і көрсетті. Байланыс қызметтерінде айтарлықтай үлес Интернет, ұялы байланыс және басқа телекоммуникация қызметтері орын алуда.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Макроэкономикалық жағдайдың тұрақтануына, сондай-ақ әлемдік нарығындағы мұнай мен металдардың қолайлы конъюнктурасына байланысты инвестициялық белсенділік оң динамикасын көрсетеді. 2018 жылдың қаңтар-мамыр айларында негізгі капиталға салынған инвестициялар 25,3%-ға артты.

Салалық бөліністе негізгі капиталға салынған инвестициялар барлық негізгі секторларда оң динамиканы көрсетті. Сонымен қатар, инвестициялардың ең көп өсуі өнеркәсіп өндірісінде (31,2%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларға (41,4%), көлікке (36,1%) және құрылысқа (37,6%) тіркелді.

Инвестициялардың елеулі үлесі әлі де өнеркәсіптік секторға бағытталған (барлық инвестициялардың 62%-дан астамы). Инвестициялардың 26% -дан астамы жылжымайтын мүлікпен операцияларға, сондай-ақ көлік және қоймаға жіберіледі.

Аймақтық контексте инвестициялардың көлемі бойынша Атырау облысы мен Астана қаласы (барлық инвестициялардың 50%-ы) көшбасшылары болып табылады, ал инвестициялардың ең аз көлемі Солтүстік Қазақстан облысында тіркелді.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 47%-дан астамы шикізаттық емес секторға бағытталды (бюджеттік инвестицияларды қоспағанда).

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 69,3%, ал сыртқы инвестициялардікі 30,7% құрады.


Кәсіпорындардың меншікті қаражаты қаражатты қаржыландырудың негізгі көзі болып қалуда.

Мәлімет үшін:

2018 жылдың 1-тоқсанында Ұлттық Банк жүргізген экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес, ағымдағы және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы ресурстарының жетіспеушілігін, өнімдерге сұраныстың жеткіліксіз болуын, басқа кәсіпорындардың нарықтық бәсекелестігін, Қазақстан экономикасының пайдасы мен пайдасыздығын атап өтті (9-график).


жауаптар %-бен

9-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша

7-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

8-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар



ҰЭМ СК деректері бойынша



VI. Сыртқы сауда айналымы

2018 жылдың қаңтар-наурызы бойынша сыртқы сауда айналымы 24,3%-ға (экспорт 27,0%-ға, импорт 19,4%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп үлес минералды өнімдерге тиесілі 70% астам, олардың экспорты 35,3%-ға өсті. Металдар мен олардан жасалған өнімдер экспорты да 12,3%-ға ұлғайды. Жоғарыда көрсетілген тауарлар экспортының өсуі бірнеше факторларға байланысты, атап айтқанда әлемдік нарықтарында баға конъюнктурасы жақсарғанына, Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемінің артуы, сондай-ақ Өзбекстан, Түркия, Италия және Иран елдеріне астық экспорттау көлемінің артуы негіз болды.

ЕО елдері (үлесі 55,3%), Қытай (үлесі 10,0%), ТМД елдері (үлесі 15,5%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 9,6%.


2018 жылы қаңтар-наурыз айлары импорты бойынша өсім барлық тауар топтары бойынша байқалды. Ішкі тұтыну өсуінің аясында импорттың өсуіне ең үлкен үлесін машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 25,7%), дайын тағамдық өнімдер (өсу 16,3%), сондай-ақ химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 11,0%) құрды.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 39,4%), ЕО елдеріне (үлесі 19,5%) және Қытайға (үлесі 15,7%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2018 жылғы 1-тоқсанда 2017 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Өзбекістан, Қырғызстан және Ресей). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Армения мен Тәжікстанда тіркелді. 2018 жылғы 1-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты.



VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)


2018 жылдың бірінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,0%-ға өсті (2017 жылғы төртінші тоқсанда 0,2%-ға өсті).

Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың саны көтерме және бөлшек саудада 2,3%-ға өсті. Сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде 5,1%-ға және ауыл шаруашылығында 2,8%-ға өсуі байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі тау-кен өнеркәсібінде, көлікте және құрылыс саласында байқалды.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Қызылорда облысында (4,0%-ға өсті), Ақтөбе облысында (2,8%-ға өсті), Алматы (2,6%-ға) және Астана (4,1%-ға) қалаларында байқалды.

2018 жылғы мамыр айында жұмыспен қамтылғандар саны 0,2%-ға артып, 8566,5 мың адамды құрды (экономикалық белсенді халықтың 95%).


2018 жылы мамырда жұмыссыздық деңгейі 4,9% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 153,4 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз болатын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі өсуде. 2018 жылғы бірінші тоқсанда аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,4%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 40 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 21,5%-бен сақталуда.

Бір аптада 35 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2018 жылғы бірінші тоқсанда біршама өсіп, үлесі 70,6% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы мамыр айында бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 5,4%-ға ұлғайып, 154,6 мың теңгені құрады.

2018 жылғы 1-тоқсанда нақты жалақы 4,0%-ға өсті.

Салалар бөлігінде 2018 жылғы 1-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (21,9%-ға), құрылыста (10,4%-ға), тау-кен өндірісінде (6,0%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (4,4%-ға) тіркелді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (4,2%-ға), білім беруде (2,4%-ға), қаржы және сақтандыру қызметінде (3,6%) төмендеу байқалды.


2018 жылғы 1-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысында (282,0 мың теңге), ең төменгі мәні – Жамбыл облысында (102,1 мың теңге) тіркелді.

2017 жылда экономикадағы еңбек өнімділігі 4,3%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім ауылшаруашылығында (10,4%-ға), өнеркәсіпте (8,2%-ға өсті), көлікте (6,2%-ға) және құрылыста (5,6%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан өсіп кеткенін атап өткен жөн (саудадан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша